

*** Автомобильдер мен
тракторлардың
тежеуіш жүйелері**

Орындаған: Есеке Ғ


ОПДиЭТ 15-1к

Қабылдаған: Байтукаев Ө


*Тракторлар мен автомобильдердің қозғалыс жылдамдығын баяулату, жүрісін тоқтату және қозғалмайтын қалыпта ұстау үшін олар тежеуіш жүйелерімен жабдықталады.



- * Тежеуіш жүйелерінің мынадай түрлері болады:
 - машина қозғалысының жылдамдығын реттеуге және оны жайлап тоқтатуға қажетті жұмыстық тежеуіші;
 - машина еңіске жүргенде оны ұстап тұруға арналған тұру тежеуіші мен кілт бұрылысын жүзеге асыратын көмекші тежеуіш.





- Тежеуіш механизмі трактордың немесе автомобиль қозғалысына өздігінен кедергі жасау үшін қызмет етеді. Фрикциялық тежеуіш кеңінен қолданылады, ол қозғалмайтын және айналып тұратын детальдар аралығындағы үйкеліс күші есебінен жасалады.




Барабанды тежеуішінде
үйкеліс күші айналыстың ішкі
цилиндр бетінде

шкивтіде –сыртқы

дискіліде-айналмалы
дискінің бүйір бетінде
пайда болады



* Барабанды тежеуіш механизмі




1. Жоғарғы серіппе
2. Тежеуіш цилиндрі
3. Бағыттауыш құрсау
4. Колодка
5. Төменгі серіппе


*Тұру тежеуіші

- Тежеуіштің қозғалмайтын дискісі беріліс қорабының корпусына бекітілген.дискіде бірдей етіліп екі тежеуіш колодкасы орнатылған, ол барабанның ішіне орналасқан.Тежеуіш барабаны беріліс қорабының жетекші білігіне (екінші) бекітілген.
- Тежеуіш колодкасының сыртына фрикциялық жапсырма бекітілген.Реттеуіш құрылғысы корпусында орналасқан колодканың төменгі шетінің саусақтары арқылы реттеуіш винттің конусты қалпақшасына тіреледі.Колодканың жоғарғы бөлігі ажырату құрылғысына тіреледі.Ажырату құрылғысы стерженьнен және екі шариктен тұрады


*Тежеуіш жетекші доңғалақтың оң немесе сол жағындағы жартылай оське әсер етеді, сөйтіп бұрылыс орталығына жақын жетекші доңғалақты тежейді. Қажет болған жағдайда бұларды жұмыстық және тұру тежеуіші ретінде қолданады.




* Гидравдикалық жетекті тежеуіш механизмі



- * Гидравликалық жетек жүйесінде басты тежеуіш цилиндрі мен доңғалақ цилиндрінің аралығында тежеуіштің гидровакуумдық күшейткіші қосылған. Двигательдің түтік өткізгішінің соруды нәтижесінде пайда болатын сиретілу(вакуум), автомобильді тежеуішпен басқаруды жеңілдетеді.




* Пневматикалық жетекті тежеуіш механизмдері.




* Доңғалақ тежеуіш

* Доңғалақ тежеуішке диск, ол бас берілістің фланеці корпусіне қозғалмайтын етіп орнатылған. Дискіге эксцентрікті саусақтар монтаждалған, оған тежеуіш коолдкасының шеті тіреледі. Колодканың басқа шеттері ажырату жұдырығына тіреледі, оның білігі дискіге бекітілген, кронштейнде престелген втулкада айналады. Штоктың тежеуіш камерасымен жалғасқан, кронштейн дискімен қатаң байланысқан ажырату жұдырығының шлицті шетінде реттеуіш рычаг орналасқан.



* Ауа айдағыш екі цилиндрлі компрессор



- **Тежеуіш жүйелерінің ақаулары:**
- 1. Тежеуіш колодкаларының фрикциялық жапсырмалары мен тежеуіш барабандарының тозуы.
- 2. Гидравликалық және пневматикалық жетектердің герметикалық болмауы.
- 3. Гидравликалық жетек жүйесіне ауаның енуі, ондағы тежеуіш сұйығының, тежеуіштің пневматикалық жетегіндегі ауаның жеткіліксіздігі.
- 4. Тежеуіш колодкасының барабанға жабысып қатып қалуы.
- 5. Басты тежеуіш цилиндрінің ауа және компенсациялық тесігінің бітелуі.

* Жаңа сабақты бекіту

- * 1. Фрикциялық тежеуіштің қандай түрлерін білесің?
- * 2. Автомобильдер мен тракторларда тежеуіш жетектерінің қандай түрін қолданады?
- * 3. Трактор мен автомобильдің тұру тежеуішін қалай айырады?
- * 4. Гидравликалық және пневматикалық жетекті доңғалақтың тежеуіш механизмін қалай айыруға болады?
- * 5. Тежеу жүйесінің негізгі ақауларын атап өтіңіз.